



13-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Деонтология және Иммануил
Канттың этикалық теориясы





Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Деонтология және Иммануил Канттың этикалық теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Таскиги эксперименті

1932-1972 жылдары Алабама штатының Таскиги қаласында 390 кедей және сауатсыз, мерез ауруына шалдыққан афро-американдықтардың қатысуымен адам шошырлық бір эксперимент өткізілді. Онда осы науқастардың ауруларының прогресін, оның емделетінін не емделмейтінін және оның қалай таралғанын анықтау үшін сырттай бақылау жүргізілді.



Таскиги зерттеуі – 1932-1972жж. Таскиги қаласында жүргізілген жан шошытарлық медициналық эксперимент. Бұл зерттеу АҚШ Қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің бастауымен өткізілді. Оның мақсаты – кедей афроамерикалық халықтан шыққан 600 адамға мерез (сифилис) ауруының барлық деңгейлерін зерттеу (оның ішінде 200 адам эксперимент басталғанша бұл ауруға шалдықпаған болатын).

Зерттеушілер тіпті бұл адамдарға мерезді емдеу үшін 1940-жылдардың басында-ақ қолданыста болғанына қарамастан, пенициллин де бермеді. Зерттеу 1972 жылы оның нәтижелері жарияланып, үлкен дауға ұласып кеткенде ғана тоқтатылды. Оның себебі тайға таңба басқандай айқын еді; бұл адамдарға тиісті адамгершілік, ізгілік қарым-қатынас жасалмады, оларды тек ақпарат алу мақсатында, эксперимент объектісі ретінде ғана пайдаланды.

Утилитарлық ойлау мәнеріне сәйкес, Таскиги экспериментін ақтауға, бәлкім, болатын да шығар. Зерттеуге қатысқандарға тиген залал аз болса, зерттеудің бұдан басқа теріс салдарлары болмаса, ал алынған білім, жалпы әлемдік қауым үшін осындай аурулардан зардап шегуге қарсы қолдануға болатын құнды ақпарат болса, онда бұл зерттеуді ақтап алуға болатын шығар. Алайда, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Германияның Нюрнберг қаласында болған нацистік әскери қылмыскерлер тобына қарсы сот процесінен кейін зерттеу объектісі ретінде адамды пайдалану стандарттары жан-жақты бекітіліп, мойындалған болатын. Нюрнберг кодексінің негізгі принциптерінің бірі – «Адамның ерікті келісімінің болуы өте маңызды» деген шартты қамтиды. Адам келісім беру үшін оған жеткілікті түрде ақпарат беріліп, оның таңдау жасауда еркіндігі болуы қажет. Бұл принцип әрбір адамның дербес тұлға екеніне, ал автономияны құрметтеу және қорғау керектігін білдіреді. Осы ережені сақтау – бірінші кезекті мәселе. Және ол бізге қаншалықты пайдалы көрінсе де, адамның дербес болмысына нұқсан келтіретін зерттеулерді жүргізе алмайтынымызды айқындайды.

Деонтология және парыз этикасы

Автономияға ерекше назар аудару және адамдарды Таскиги экспериментіндегідей пайдаланбау керек деген идея философияның, соның ішінде этикалық, моральдық философияның көрнекі өкілі, философ Иммануил Канттың моральдық көзқарастарындағы басты тұжырымдардың бірі. Канттың тұжырымдауынша, көпшілікке орасан зор бақыт әкелетініне қарамастан, жеке тұлғаға немесе жеке қауымдастықтарға үзілді-кесілді жасауға болмайтын нәрселер бар. Осы ұстанымнан этиканың елеулі бағыттары - деонтология және парыз этикасы пайда болады.



Иммануил Кант (1724-1804 жж.) – неміс философы, Ағартушылық пен романтизм дәуірлерінің тоғысқан тұсындағы неміс классикалық философиясының негізін қалаушы.

Канттың этикалық ұстанымы деонтология теориясы ретінде сипатталған. Деонтология сөзі «парыз теориясы» дегенді білдіреді (грек тіліндегі deon сөзі «парыз, борыш» дегенді білдіретін ұғым). Деонтология этикасы парыздар, міндеттер мен құқықтарға ден қояды. Деонтологиялық деген терминді утилитаризм бағытының өкілі, философ Джереми Бентам ойлап тапқан. Ол оны «ненің дұрыс немесе тиісті екендігі туралы білім» деп сипаттайды. Бентам деонтология пайдалылық принципін көрсетеді деп есептеді. Бірақ қазіргі философтар деонтология терминін әрекет салдарларына утилитаризм тұрғысынан



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Деонтология және Иммануил Канттың этикалық теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

айырмашылықты айқындау үшін қолданады. Салдарларға баса мән берудің орнына деонтологиялық этика парындар мен міндеттерге назар аударады, яғни бұл дегеніміз - салдарларына қарамастан жасауға тиіс нәрселер. Мұны сипаттау жолдарының бірі – осы деонтологиялық теориялардың игілік қақысын атап көрсететіндігінде. Деонтология дұрыс іс-әрекеттер мен дұрыс ниеттерге назар аударып, сондай-ақ осы іс-әрекеттердің нәтижесінде өндірілетін тауарлардың немесе пайданың маңыздылығын ескереді.

Утилитарлық этика барынша көп адамның барынша бақытты болуын мақсат ететін болса, деонтологиялық этика бізді бақытқа лайықты ететін нәрселерге назар аударады. Осы екеуінің бұл ерекшелігіне ерекше мән беріңіздер. Канттың пайымдауынша, стоиктер мен басқа да этикалық ұстанымдардың жақтастары парыды атап көрсеткенімен, біз тек парымызды өтегенде ғана бақытқа лайықты болатынымызды олар ерекше сараламайды. Канттың түсіндіруінше, мораль «біздің өзімізді бақытты етуіміз туралы емес, біздің бақытқа лайық болуымыз туралы доктрина» болуы тиіс. Канттың ойынша, мораль «бақыт туралы ілім», не болмаса бақытты болу жолдары туралы нұсқаулар жиынтығы емес. Керісінше, мораль дегеніміз -»бақыттың тиімді шарты» іспеттес.

Көптеген деонтологиялық теориялар бар. Біздің осыған дейінгі дәрістерімізде Құдай бұйрығы этикасы туралы айтқан болатынбыз. Құдай бұйрығына бағыну - оның салдарларына немесе нәтижесіне қарамастан ұстануға қажетті міндет болып табылады деген пікірді деонтологиялық пікір деп атасақ болады. Библиядағы Ибраһим мен Ысқақ туралы оқиға осындай парыз үлгісін көрсетеді. Құдай бұйрығын тыңдамай, айыпты болып қалғандықтан Ибраһим, қанша жерден қиналса да, өз ұлын құрбан етуге дайын. Бұл қиссада діни парыз одан пайда болған зардаптарға және бақытсыздыққа қарамастан орындалуы тиіс екендігі үлгі етіледі.

Бұл мысал Құдай бұйрығы этикасынан туындайтын мәселелердің бірін көрсетеді. Бұл жайында сіздер осы «Этика» кітабының 2 тарауындағы оқуға берілген қосымша материал ретінде Платонның «Эвтифрон» атты диалогын оқып көрсеніздер болады.

Сонымен, Мораль Құдай бұйрығымен қалай байланысты? Біз қай нәрсенің, шын мәнінде, біздің мәдениетіміздің жаңғырығы немесе біздің эгоистік мотивтеріміз немесе тіпті психикалық аурулар емес, Құдайдың бұйрығы екендігін қалай біле аламыз? Ибраһим мен Ысқақ оқиғасын Кант сынмен қабылдады. Кант осыған байланысты Ибраһим Құдайдың осы бұйрығын қайта ойлауы тиіс екенін айтады.

Ибраһим (немесе Авраам) – інжілдік кейіпкер. Көптеген халықтардың атасы саналады. Бүкіләлемдік су тасқыны кезінде өмір сүрген үш інжілдік патриархтың біріншісі.



«Мен мейірімді Құдай өз ұлымды өлтіруге бұйрық беруі мүмкін емес екеніне сенімдімін», - дейді ол. Кант үшін этика бұйрықтары анық, айқын және сөзсіз, яғни еш шүбәсіз болуы тиіс, және онда өз балаларын өлтіру бұйрығы болуы мүмкін емес. Осындай сынға жауап ретінде дат философы Серен Кьеркегор Ибраһим оқиғасы этика міндеттерінен тыс діни міндеттер болуы мүмкін екенін көрсетіп, ақтамақ болады. Алайда Кант мұндай мәлімдемені қабылдамайды. Кант үшін моральдық міндеттер әмбебап және абсолютті болуы тиіс. Біз діни оқиғалар мен идеяларды сынау және түсіндіру үшін мораль туралы білімімізді пайдалануымыз керек.

Ежелгі грек және римдік стоицизм философиясындағы деонтологиялық этика

Деонтологиялық этиканың тағы бір формасын ежелгі грек және римдік стоицизм философиясынан табуға болады. Стоиктер өз борышын және өз рөлін атқару табиғи тәртіпке сәйкес екендігін атап өтті. Өзіміз бақылай алмайтын сыртқы жағдайлармен күрескенше, стоиктер мораль мен бақыт кілті ішкі дүниелер екенін, өзіміздің ерік-жігеріміз бен ниетімізді қалай бағдарлайтынымызға байланысты екенін айтады. Бұл көзқарасқа сай, парыздың өзі бір марапат. Ежелгі грек философы, стоик Эпиктет былай деп түсіндіреді: «Зевс қалай бұйырады, солай әрекет етіңіз: егер сіз осылай әрекет етпесеңіз, сіз жазаның төнгенін сезінесіз, сіз жазаланасыз. Ол қандай жаза болуы мүмкін? Сіздің өз парызыңызды орындамағаныңыздан артық жаза жоқ: сіз адалдық, қарапайымдылық, әдептілік қасиеттерін жоғалтасыз. Бұдан артық жаза іздемеңіз. Осының өзі жетіп-артылады» дейді.



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Деонтология және Иммануил Канттың этикалық теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Стикердің үлгі етерлік тұлғасы – тәртіпке қатаң бағынатын, батыл және эмоционалды күйі жағынан үйлесімді адам. Ол тек өз парызын орындау үшін әрекет етеді, әрі оның бағыну міндеті мен парызы - оның өмірінің толыққанды мәні болуға лайық нәрсе. Біз стиктердің этикасын ержүрек жауынгерлерге тән қасиетпен, яғни борыштарына батыл және риясыз бағынуға даяр тұлғамен жиі байланыстырамыз. Әскери қызмет пен парызды өтеуде кемелдікке ұмтылатын адамның бейнесін римдік стик император Марк Аврелий іске асыруға талпынған.



Марк Аврелий Антонин (121-180 жж.) – Антониндер әулетінен шыққан Рим императоры, философ, кейінгі стикцизм өкілі, Эпиктеттің ізбасары.

Ол стик парызын келесідей суреттейді: «Сенің парызың - әрбір жеке іс-әрекетке келгенде өз өміріңе ие бола білу; егер әрбір іс-әрекетінде сен өз парызыңды мүмкіндігінше орындай алсаң, риза бол; әрбір іс-әрекетте өз парызыңды орындауға саған ешкім кедергі жасай алмайды». Марк Аврелий сыртқы жайғдайлар парызды орындауға кедергі келтіреді деп тұжырымдайтын адамдардың өз парызына келгенде қатаңдықты ұстана алмайтынын айтады. Оның айтуынша, «еш нәрсе бізге әділ, ақылмен және ілтипатпен әрекет етуге кедергі жасауы мүмкін емес». Осы бір тарихта есімі батыл, дана әрекеттері және ой-пікірлерімен қалған император және ойшыл «сенің ісің – қалаға шабуыл жасау кезінде жауынгер ретінде өз парызыңды орындау» сияқты деп түсіндіреді. Стикцизмнің басты идеясы – біз тіпті салдарлар мен сыртқы жағдайларды өз бақылауымызда ұстай алмасақ та, өз ниетіміз бен әрекеттерімізді өз тізгінімізде ұстай аламыз. Осы тұрғыдан сіз сыртқы әлем қанша қиындатып жатса да, өз ісіңіздің дұрыс екенін білгендіктен, моральдық міндетіңізді орындаудан қайтпайтыныңызды білдіреді.

Иммануил Кант стиктердің «рухани мықтылығына» ерекше мән беріп, назар аударуына тамсанғанымен, ол, сондай-ақ, стиктер адамгершілік ұстанымының қиындығын жете бағаламады деп есептеді. Біздің проблемамыз біздің моральдық парызды шатастырып алуымызда - өйткені біз жиі моральдық парызды өз тәжірибеміздің басқа түрлеріне байланысты алаңдаумен, соның ішінде бақытқа деген ұмтылыспен шатастырып жатамыз. Осыны түсіндіру үшін, Кант бакыт, пруденция немесе заттардың табиғи тәртібінен басқа парыздың логикалық және ұтымды құрылымына назар аударды.

Парыздар мен міндеттер

Жалпы алғанда, біз орындауға тиіс парыздар мен міндеттер бар деп айту оңай болғанымен, бұл парыздар мен міндеттер қандай екенін анықтау, оларды дұрыс келтіру әлдеқайда қиын нәрсе. Мысалы, патриотизм дегеніміз не? Бұл парыз ба, әлде жоқ па? Егер бұл парыз болса, онда ол әділетсіздік пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы патриотизмді қамти ма, жоқ па? Біздің ата-анамыз және байырғы ата-бабаларымыз алдындағы парызымыз Конфуций мораліндегідей алдыңғы кезекті нәрсе ме? Біз үшін буддистердің ұстанымдарындағыдай, барлық тіршілік иелеріне жанашырлық танытып, қамқорлық жасау міндетті ме, жоқ па? Бұл сұрақтар бізге деонтологиялық этиканы «игіліктің» жан-жақты теориясымен толықтыру қажеттігін білдіріп, бізге парыз теориясы жеке, әлеуметтік және саяси мәселелер қалай шешілуі керектігін көрсетеді. Деонтологиялық этикаға қатысты осындай сыни көзқарасты Джон Стюарт Милль алға тартты, ол Канттың парыз теориясын анықтама беру мәселесіне келгенде тым абстрактілі санап, әрі ол аморальдық әрекеттерді терістей алмады деп сынады.



Джон Стюарт Милль (1806-1873жж.) – британдық философ, әлеуметтанушы, экономист және саяси қайраткер. Қоғамтануға, саясаттануға және саяси экономияға көп үлес қосқан ғалым. Либерализм философиясының негізін қалаушылардың бірі.



Канттың көзқарасымен танысып жатсаңыз, Милльдің осы уәжін есте ұстаңыз. Канттың парыз тұжырымдамасы тым абстрактілі ме? Әлде Кант теориясы осындай айыптаудың алдын алу үшін біздің міндеттерімізді толық анықтауға көмектесе ме? Олай болса, Иммануил Кант пен оның моральдық этикасымен біршама жақын танысып көрейік.

Сонымен, Иммануил Кант (1724-1804) – қазіргі заманның философия тарихындағы ең көрнекі тұлғалардың бірі ретінде қарастырылатын неміс философы. Қазіргі заманғы философия кейде Кантқа дейінгі және Канттан кейінгі кезеңдерге шартты түрде бөлініп жатады. Ең алдымен өзінің моральдық философиясымен аса танымал болса да, Кант ғылым, география, сұлулық, соғыс және бейбітшілік сияқты алуан түрлі мәселелер турасында философиялық шығармалар жазған кісі. Ол ағарту идеяларының, әсіресе ақыл мен бостандық идеяларының, сондай-ақ, америкалық революцияның жақтаушысы болды.

Канттың пікірінше, философия шешуі тиіс негізгі екі мәселені: «Мен не біле аламын?» және «Мен не істеуім керек?» деген екі сұрақпен өрнектеуге болады. Канттың таным теориясы маңызды және ықпалды болғанымен, этикалық ізденісіміздің аясында бізді оның моральдық философиясы қызықтырады.

Канттың моральдық теориясын зерделеуді бастайтын болсақ, ең алдымен, оның әрекеттің моральдық құндылығын не қамтамасыз етеді деген сұраққа қалай жауап бергенін қарастырып көрейік. Канттың пікірінше, іс-әрекеттің нақты салдары маңызды емес. Мысалы, мен адамды оның жетістіктері үшін мақтап, осы арқылы дұрыс нәрсе жасауға тырысамын. Менің арнайы бір ренжітемін деген мақсатым болмаса да, менің әрекетім ол адамды ренжітумен тынады делік, себебі ол мені дұрыс түсінбей қалады. Канттың айтуынша, мен тырысып, дұрыс деп санаған нәрселерді жасауға тырыстым, демек, менің осы әрекетімнің дұрыс нәтижемен аяқталмағаны үшін мені айыптауға болмайды. Яғни, бұл біздің бақылауымыздан тыс нәрселер үшін бізді айыптауға, не мадақтауға болмайды деген сөз. Біздің әрекеттеріміздің салдарлары әрдайым біздің бақылауымызда бола бермейді және барлық нәрсенің бәрі әрқашан біз қалағандай емес. Алайда, Кант, ең құрығанда, біздің мотивтеріміз әрқашан тек өз бақылауымызда болатынына сенім білдіреді. Біз өзіміздің жақсы немесе жаман нәрсе істеуге байланысты ниеттерімізге жауаптымыз, сондықтан дәл осы үшін біздің мойынымызда моральдық жауапкершілік болуы тиіс.

Кант, сондай-ақ, моральдің біздің іс-әрекеттеріміздің басқа себептерге арқа сүйеіп, негізделу салдарларына қарсылық білдірді. Оның айтуынша, моральді бақытты тәжірибе сияқты белгілі бір күйді қалыптастыру мәселесіне айналдыру моральды үнемі артқа тартады. Осы тұрғыдан алғанда, іс-әрекеттерді, тіпті адамдарды да тек тұтынушылық тұрғысынан құндылығы бар деп қарастыруға болады. Бізді өзімізге қатысты үлкен құндылық, атап айтқанда бақытты күйлер мен тәжірибелерге қол жеткізудегі маңызды рөл атқаратын шамамызға қарай бағалауға болар еді. Алайда, Канттың пікірінше, біз ақыл-есі бар тіршілік иесі, жеке тұлға болғандықтан бізді бұл мағынада ғана бағалауға болмайды. Канттың пікірінше, адамдар тек инструменталды мәнге ғана емес, өзіне тән, ажырамас құндылықтарға ие. Адамдарды пайдаланбау керек, керісінше, оларды ішкі құндылығы жоғары тіршілік иесі деп қарастыру керек деген сенім, сондай-ақ, дұрыс әрекет ету мотивінің болуы Кант этикасында аса маңызды мәселе. Кант осы сұраққа жауап беру үшін екінші идеяны қолданады. Оны «Әрекеттің моральдық құндылығы неде?» деген сұрақпен сипаттауға болады.

Дұрыс мотив

Сонымен, дұрыс мотив дегеніміз не?

Кант әрекет дұрыс ниетпен немесе мотивпен жасалғанда ғана моральдық құндылыққа ие болады деп санады. Ол бұл мәселені «ізгі ниеттің» болуы деп қарастырды. Кант сөзсіз жақсы болатын жалғыз нәрсе тек ізгі ниет қана деп жазды. Қалған нәрселердің бәріне жақсы болу үшін, ең алдымен, ізгі ниет қажет. Жақсы ниет болмаса, ақыл-ой, тапқырлық, эмоцияларды бақылай білу сияқты қабілеттердің бәрі жаман болып, зұлымдық мақсатта пайдаланылуы мүмкін. Жақсы ниеттің болуы дегеніміз – жақсы болғандықтан жақсы нәрсені немесе біреудің жақсы деп есептейтін нәрсесін істеу. Канттың айтуынша, тек «ішкі парыз сезімін» басшылыққа алып, әрекет ету мораль заңына сай қарастырылмауы тиіс. Кант релятивист болған жоқ. Ол біз білсек те, білмесек те, онымен келіссек те, келіспесек те, объективті түрде дұрыс не бұрыс нәрселер бар деп сенді.

Дұрыс мотив не ниеттің маңыздылығына қатысты өз көзқарастарын түсіндіру үшін, Кант дұрыс әрекет жасайтын, өз клиенттеріне әділ баға айтатын және адамдарды алаламай, барлығына бірдей қызмет көрсететін дүкенші әйелді мысалға келтіреді. Бірақ оның мотиві қандай болуы мүмкін? Кант үш мотивтің мүмкін екендігін айтады: (1) Дүкенші әйелдің әрекетінің мотиві немесе себебі - бәріне бірдей баға ұсыну



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Деонтология және Иммануил Канттың этикалық теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

дегеніміз жақсы, қолайлы бизнес практика деген сенімге байланысты болуы мүмкін. Осылай жасау оған өте тиімді. Алайда, міндетті түрде бір қателік саналмаса да, бұл мотив аса бір мақтауға тұрмайды, дейді Кант. (2) Дүкенші әйелдің әділ және бірдей баға ұсынуы оның өз клиенттерін жақсы көретіндігінен, әрі оның осы клиенттерге жақсылық жасауға о бастағы өзінің табиғатынан бейімді екендігіне байланысты болуы мүмкін. Алайда, Кант, бұл да ең жоғарғы мотив еместігін айтады. Біз олардың жақсылық жасап жатқанын біле тұра, адамдарды өзінің жақсылық жасағаны үшін бағалауға не мақтауға тиіс еместіз. (3) Алайда, егер дүкенші әйел өз әрекетінің дұрыстығына сенгендіктен жақсылық жасайтын болса, бұл әрекетті ең жоғарғы мотивпен негіздеп шығуға болар еді. Біз дұрыс әрекет ету ниетімен әрекет ететін адамдарға ерекше құрмет немесе тіпті моральдық құрмет көрсетуге тиіспіз, себебі, бұл әрекет олардың өзіне оңайға түспейді. Іс-әрекет адамгершілік, ізгілік заңына сай атқарылған кезде ғана моральдық құндылыққа ие болады.

Біз іс-әрекеттерімізді эгоистік, моральға сәйкестілік немесе таза құрмет сезіміне орай мотивтен туындағанын әрдайым біле бермейміз. Және біз көбінесе аралас мотивтерге сай әрекет етеміз. Алайда, біз өзіміздің мүддемізге сай болмаса да, яғни біз үшін қымбатқа түсіп жатса да, және біз жақсылық жасағымыз келмесе де дұрыс әрекет ететін болсақ, өз мотивімізді мінсіз деп есептейміз. Сонымен қатар, моральдық тұрғыдан әрекет ету қабілеті басқа құштарлықтарымызға қарсы тұра білсе, бұл адам баласының бірегей құндылығы мен қадір-қасиетке ие болу себептерінің бірі болып табылады. Өзіне «Мен ерініп тұрмын, не болмаса өзімді жайсыз сезініп тұрмын, бірақ мен бұл әрекетті жасамаймын, себебі ол дұрыс болмайды» дейтін адам моральға деген ішкі құрмет негізінде әрекет етеді. Кант адамның моральдық себеп немесе мотивке сай әрекет ете білу қабілеті адамгершіліктің қадір-қасиеті мен құндылығының өзегі деп есептейді.

Дұрыс әрекет ету дегеніміз не?

Сонымен, Дұрыс әрекет ету дегеніміз не?

Кант ілімі бойынша, егер іс-әрекеттеріміздің моральдық құндылығы болсын десек, біз тек дұрыс мотивацияны басшылыққа алып, әрекет етіп қана қоймай, жалпы дұрыс нәрсені жасауымыз керек.

Осыған дейін айтқанымыздай, Кант мораль дегеніміз - жақсы салдарларға алып келетін функция деп санамайды. Біз жақсы нәтижелерге алып әкелетін нәрселерді жасауымыз мүмкін, бірақ егер біз мұны теріс мотивпен істесек, онда бұл іс-әрекеттің моральдық құндылығы жоқ. Дегенмен, Кант тек мотивті ғана көздемейді. Біз, сондай-ақ дұрыс нәрсе істеуіміз керек. Әрекеттің өзі мораль тұрғысынан дұрыс болуы қажет. Әрекет те, мотив те мораль тұрғысынан сәйкес болуы тиіс. Канттың көзқарасына сенсек, біз тек «парызды орындау үшін», яғни дұрыс мотивіміз болуы үшін ғана емес, сонымен қатар «парызға сәйкес» немесе «парыз талап ететіндей» дұрыс әрекет етуіміз керек.

Гипотетикалық императив пен бұлжымас императив

Канттың осы мәселеге қатысты тұжырымдамасын түсіну үшін, біз оның анықтауындағы гипотетикалық императив пен бұлжымас императив айырмашылығын зерттеуіміз керек. Біріншіден, императив дегеніміз – бұл мысалы, «тік тұр» және «есікті жап», сондай-ақ «сен есікті жабуың керек» деген сияқты жай ғана бір нәрсені істеуді өтініш ету нысаны. Тек кейбір ғана императивтер мораль императивтері болып табылады. Қалған императивтер – гипотетикалық. Мысалы, «Егер мен онда уақытыңда жеткім келсе, мен ертерек шығуым керек» деген сөйлемде моральдық «тиіс, қажет» деген борыштық мағына немесе моральдық императив жоқ. Бұл жағдайда менің не істеу керектігім менің не қалайтыныма ғана байланысты: яғни, менің қалайтыным – бір жерге уақытыңда жету және осы мақсатқа қол жеткізу үшін қажетті амал – ерте шығып кету. Сонымен қатар, мен мақсатымды өзгерту арқылы ерте шығу міндеттерінен құтыла аламын. Бұл жағдайда мен ол жерге уақытыңда жетуім керек емес, не болмаса жеткім келмейді деп шешуім мүмкін. Онда менің ерте шығуым қажет емес болып қалады. Бұл жақсы немесе жаман нәтижеге алып келуі мүмкін.

Менің не істеуім қажет деген ұстанымым менің жеке мақсаттарыма не жоспарыма сай шартты немесе тәуелді. Бұл әрекеттер менің кез-келген мақсаттарымның құралы ретінде қызмет етеді. Басқа адамдардың мақсаттары мен жоспарлары басқа болғандықтан, олар менікінен өзге нәрселерді істеуі керек. Мысалы, мен социология ғылымының дәрежесін алғым келгендіктен, мен социологияға кіріспе курсы оқып шығуым керек, ал сіз философияны таңдағандықтан Кант философиясы курсы алуыңыз керек. Олай болса: «Егер маған Х керек болса (немесе сол себепті), мен Y орындауым керек» десек болады. Менің Y-ті орындау міндетім X-ты қалауыма байланысты болып шығады.

Ал, моральдық міндеттемелердің сипаты мүлдем өзгеше. Кант біз моральдық борыштарды талапшыл нәрсе деп қабылдаймыз деп есептеді. Мораль маған бір нәрсені жасауды міндеттеген кезде, ол не болса



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері
Дәріс: Деонтология және Иммануил Канттың этикалық теориясы
Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

да –мен оны жасағым келсе де, келмесе де, бұл нәрсе менің қалауым мен мақсаттарымды орындасын-орындамасын, менің қоғамым қабылдасын-не қабылдамасын – осының бәріне қарамай жасауға тиіс нәрселер. Моральдық борыштар менің, не біреудің қалауына немесе мақұлдауына тәуелді емес.

Кант өзінің моральға деген көзқарасын шартсыз әрі әмбебап байланыс ретінде бұлжымас не моральдық императив ретінде түсіндіреді. Ол бұлжымас императив терминін басты мораль принциптерін сипаттау үшін қолданады, ол арқылы біз не істеуіміз не істемеуіміз керектігін айқындаймыз.

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Trials of War Criminals before the Nuremberg Military Tribunals under Control Council Law No.10, Vol. 2 (Washington, D.C.: U.S. Government Printing Office, 1949).
2. Jeremy Bentham, Deontology or the Science of Morality (Edinburgh, William Tait, 1834), vol. 1, Chapter 2.
3. Immanuel Kant, Critique of Practical Reason, in Practical Philosophy (Cambridge: Cambridge University Press, 1999).
4. Immanuel Kant, The Conflict of the Faculties, in Religion and Rational Theology, ed. A.W. Wood and G. di Giovanni (Cambridge: Cambridge University Press, 1996).
5. J. B. Schneewind, “Kant and Stoic Ethics,” in Essays on the History of Moral Philosophy (Oxford University Press, 2009).
6. Immanuel Kant, Critique of Pure Reason, trans. Norman Kemp Smith (New York: St. Martin’s, 1965).
7. Kant, Fundamental Principles of the Metaphysics of Morals trans. Abbott (Project Gutenberg: <http://www.gutenberg.org/cache/epub/5682/pg5682.html>), second section.
8. Susan Moller Okin, Justice, Gender, and the Family (New York: Basic Books, 1989).
9. Marilyn Friedman, “The Social Self and the Partiality Debates,” in Feminist Ethics, ed. Claudia Card (Lawrence: University of Kansas Press, 1991).
10. W. D. Ross, The Right and the Good (Oxford: Oxford University Press, 1930).
11. John Rawls, A Theory of Justice (Cambridge, MA: Harvard University Press, 1971).